# 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі )

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың: 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 11-қосымша

*Ескерту. 11-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

200 - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мәдениет, ақпарат және спорт саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 319901 мың теңге (үш жүз он тоғыз миллион тоғыз жүз бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі ; Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік қызмет туралы" 2004 жылғы 23 шілдедегі Заңының 21-25-баптары ; Қазақстан Республикасының "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2000

жылғы 31 шілдедегі N 427 "Бюрократиямен күресу және құжат айналымын қысқарту, мемлекеттік аппараттың жұмысын жетілдіру іс-шаралары туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 " Мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің сметасы ( бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашасындағы N 1240 "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген міндеттердің барынша нәтижелі орындалуына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, оның комитеттерінің қызметтерін қамтамасыз ету. Өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындау мен кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәдениет қызметкерлерінің кәсіби қызметтері аясындағы теориялық және тәжірибелік білімін, шеберлігін және дағдысын жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің, оның комитеттерінің аппараттарын ұстау. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі қызметкерлерінің біліктілік деңгейін көтеру және кадрларды қайта даярлау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ.дар.лама коды | Кіші бағ.дар.лама коды | Кіші бағдарлама.лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау.шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | Мәдениет, ақпарат және спорт сала-сындағы уәкі-летті орган- | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ның қызметін қамтамасыз ету | | |
| 2 | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің орталық аппаратын және оның комитеттерін штат санының 216 бірліктегі бекітілген лимиті шегінде ұстау. Алматы қаласынан Астана қаласына Ақпарат және мұрағаттар комитетінің 5 қызметшісін көшіру. Қызметтік автокөлік құралдарын жалға беруді бекітілген нормативтік ереженің 10 бірліктегі санына келісті ұстау. Негізгі құралдарды ұстау мен техникалық көрсетілетін қызметтері бойынша ксерокстардың 14 данасының, факстардың 14 данасының қызметтері төлемі. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі |
| 3 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін жоғарылату, оның ішінде мемлекеттік тілді оқыту бойынша қызметтерді бекітілген біліктілігін жоғарлату | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жоспарына келісті сатып алу. Біліктілікті жоғарылату курсынан өтетін мемлекеттік қызметкерлердің орташа жылдық саны - 114 адам. |
| 4 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің орталық аппараты үшін сатып алынатын негізгі активтер: | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі орталық аппарат қызметкерлері үшін кеңселік жиһаздарды - 20 жинақталым; басшыларға арналған офис жиһазы - 4 жиынтық; дербес телефон стансасы - 1 жиынтық; құжаттарды сақтайтын сейфтер - 3 бірлік; терезелік жалюзи; теледидарлар - 9 бірлік; бейнемагнитофондар - 7 бірлік; музыкалық орталықтар - 2 бірлік; диктофон - 3 бірлік; бейнежобалаушы - 1 жинақталым, түптейтін аппарат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - 1 бірлік; қағазжойғыш - 2 бірлік. | | |
| 5 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Есептеу техникасы құралдарымен жете-мелеу және техника-лық қызмет көрсету бойынша қызметтер төлемі. Телекоммуникациялық қызметтердің төлемі. Веб-сайтты және бағдарламалық өнім-дерді жөнелту. Сатып алу: мониторлар - 53 бірлік; маршрутизатор - 1 бірлік. Лицензиялық бағдар-ламалық өнімдер: Windows XP - 53 лицензия; Microsoft Office - 53 лицензия; жұмыс станцияларын - 16 жинақталым; шығыс материалдар, жинақтайтын және запас бөлшектер. Бағдарламалық қамтамасыз етудің инсталляциясын жасау қызметі. Локальді-есептеу жүйесін, серверлерді және ЛЕЖ-ді техника-лық модерлендіруді әкімшіліктеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне жүктелген қызметтерді сапалы және уақтылы орындау. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 12-қосымша

200 - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Спорт бойынша білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 275160 мың теңге (екі жүз жетпіс бес миллион бір жүз алпыс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі ; Қазақстан Республикасының "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау мен дамыту туралы" 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 Өкімі , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 12 наурыздағы N 570 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жоғарғы дәрежеге спортты дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: таңдаулы спорт түрлеріне дарынды балаларға қолайлы жағдай жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. | Кіші бағ. | Кіші бағдарлама. | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі | Іске асыру | Жауапты орындау. |
|---|---|---|---|---|---|---|

| |лама коды|дар. лама коды|лардың атауы|іс-шаралар|мерзімі|шылар|
|---|---|---|---|---|---|---|
|1|2|3|4|5|6|7|
|1|002| |Спорт бойынша білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту|Бекітілген смета-жобалық құжаттамаларға (28.10.2003 ж. N 7-475/2003 жұмыс жобасы бойынша Мемсараптаманың қорытындысы) сәйкес "Алматы қаласындағы "Шаңырақ" ықшам ауданында спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернатының құрылысын салу" инвестициялық жобасын іске асыру және құрылыстың жүру барысына техникалық қадағалау жүргізу.|Жыл бойы|Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт істері комитеті|

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Алматы қаласындағы "Шаңырақ" ықшам ауданында спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернатының құрылысын аяқтау және пайдалануға беру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
13-қосымша

*Ескерту. 13-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

200 - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Спортта дарындылық көрсеткен балаларды оқыту және тәрбиелеу" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 607464 мың теңге (алты жүз жеті миллион төрт жүз алпыс төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі ; Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 18 және 24-баптары , "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 16 және 17-баптары , Қазақстан Республикасының "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2003-2006 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 12 наурыздағы N 570 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Спортта дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімін жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 16 қыркүйектегі N 1125 , "Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің кейбір республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының мәселелері туралы" 2003 жылғы 30 маусымдағы N 629 қаулысы , " Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері" туралы 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Лениногорск қаласындағы спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат" мемлекеттік мекемесін құру туралы" 2002 жылғы 19 маусымдағы N 673 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: әрбір оқушының жеке қабілетін дамыту, оларға таңдаған спорт түрімен шұғылдануы үшін қолайлы жағдай жасау, спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаттарды негізгі құралдармен қамтамасыз ету, олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларына мүшелерді, үміткерлерді және халықаралық деңгейдегі біліктілігі жоғары спортшыларды дайындау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: спортта дарынды балаларды оқыту және әрбір оқушының табиғи қабілетін жан-жақты дамыту, оқу-жаттығу сабақтарын жыл бойы толық көлемінде өткізу, олардың денсаулығын нығайту және жан-жақты

физикалық жетілуі үшін жастар арасында дене шынықтыру-сауықтыру және тәрбие жұмыстарын жүзеге асыру, спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалар сапына үміткер спортшылардың резервін даярлау және оларды алда тұрған Қазақстан Республикасының біріншіліктері мен Азия, Әлем чемпионаттарына қатыстыру, сондай-ақ олимпиадалық спорт түрлері бойынша халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | 003 | | Спортта дарындылық көрсеткен балаларды оқыту | | |
| 2 | | 100 | Спортқа дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар | Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттарына сәйкес оқу процесін өткізу және дарынды балалармен таңдаған спорт түрлері бойынша толық көлемінде жыл бойы оқу-жаттығу сабақтарын өткізу. Спорттық іс-шараларға қатысу. Мемлекеттік мекемені ұстау. Спортта дарынды балаларға арналған Қ.Мұңайтпасов атындағы республикалық мектеп- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт істері комитеті Спортта дарынды балаларға арналған |

| | |
|---|---|
| интернатының бекітілген штат саны лимиті шегінде. Орташа жылдық контингенті - 250 оқушы; Сатып алу: спорттық мүкәмал - 40 дана; асханаға арналған жабдық - 4 жиынтық. Мемлекеттік мекемені ұстау. | Қ.Мұңайтпасов атындағы республикалық мектеп-интернат |
| Спортта дарынды балаларға арналған Қ.Ахметов атындағы республикалық мектеп-интернатының бекітілген штат саны лимиті шегінде. Орташа жылдық контингенті - 385 оқушы Сатып алу: спорттық мүкәмал - 75 дана; асханаға арналған жабдық - 4 жиынтық; медициналық жабдық - 4 дана; SONY - 1 дана. Спортта дарынды балаларға арналған Қ.Ахметов атындағы республикалық мектеп-интернаттың үй-жайына күрделі жөндеу жүргізу. Мемлекеттік мекемені ұстау. Риддер қаласындағы спортта дарынды балаларға арналған | Спортта дарынды балаларға арналған Қ.Ахметов атындағы республикалық мектеп-интернат Риддер қаласындағы спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат |

республикалық мектеп-интернатының бекітілген штат саны лимиті шегінде. Орташа жылдық контингенті 150 оқушы. Сатып алу: электрлі қазан - 1 дана; пісіру шкафы - 1 дана; мұздатқыш камера - 1 дана; теледидар - 1 дана; спорттық мүкәмал - 44 жұп.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 101 | Олимпиадалық резерв және жоғары спорттық шеберлік мектептерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Олимпиадалық спорт түрлері бойынша спорт резервін, халықаралық дәрежедегі спортшыларды, республика құрама командаларына үміткерлер мен мүшелер даярлауды ұйымдастыру; халықаралық спорт жарыстарына | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт істері комитеті |

қатысу. Сатып алуға күрделі трансферттер: жылқы - 1 бас; спорттық мүкәмал: пневматикалық тапанша - 1 дана; пневматикалық мылтық - 1 дана; атыс киімінің үлгілері - 2 жиынтық. Алматы қаласындағы

су спорты және қолданбалы спорт түрлерінен республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебінің спорт корпустарын күрделі жөндеуге күрделі трансферттер.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жоғары дәрежелі спортшыларды дайындап шығару, республиканың ұлттық құрама командаларына мүшелікке үміткерлерді, сондай-ақ спорт шеберлері мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау; спортта дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаттардың материалдық-техникалық базасын нығайту; Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командаларының мүшелерімен және үміткерлермен оқу-жаттығу сабақтарын өткізу және Олимпиадалық және Азиялық ойындарға даярлау, сондай-ақ мектептердің контингентін жоғары сыныпты спортшылармен және халықаралық дәрежедегі шеберлермен толықтыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 14-қосымша

*Ескерту. 14-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

200 - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 118120 мың теңге (бір жүз он сегіз миллион бір жүз жиырма мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 8 , 24, 43 және 44-баптары , "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 4 және 28-баптары , "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 6-бабы , Қазақстан

Республикасының "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беру дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы , "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 12 наурыздағы N 570 Жарлығы , "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 462 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері" туралы 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қоғамның дене шынықтыру және спорт саласына орта кәсіптік білімі бар білікті мамандар даярлау жөніндегі әлеуметтік-экономикалық талаптарын қанағаттандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: дене шынықтыру және спорт саласында жалпы республикалық мәні мен стратегиялық маңызы бар мамандар даярлауды жүзеге асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау | Білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттарына сәйкес оқу процесін өткізу. Оқу, әдістемелік, мәдени-ағарту, дене шынықтыру және спорттық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт |

жұмысты біріктірген істері
білім беруді жүзеге комитеті
асыру. Білім берудің бағдарламаларын жетілдіру, сондай-ақ оқу процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау. Білім берудің мемлекеттік тапсырысына сәйкес жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлау үшін оқушылар қабылдау. Жылдық орташа контингентінің саны - 238 оқушыны оқыту. Сатып алуға: шкаф - 20 дана; үстел - 20 дана; орындық - 16 дана және Республикалық спорт колледжі ғимаратын сумен жабдықтау, кәріздендіру және жылыту жүйелеріне күрделі жөндеу жүргізу үшін күрделі трансферттер. Қысқы және жазғы демалыс кезеңінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитындардың жол жүруіне ақшалай өтемақы төлеу үшін Республикалық спорт

колледжіне трансферт-тер аудару.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: дене шынықтыру және спорт саласына орта кәсіптік білімі бар білікті мамандар даярлап шығару. Ұлттық құрама командаларды халықаралық дәрежедегі спорт шеберлерімен толықтыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 15-қосымша

200 - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 17619 мың теңге (он жеті миллион алты жүз он тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі ; Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарихи-мәдени мұраларды қорғау мен пайдалану туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасында білім беру дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы , " Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың тұтас жүйесін қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәдениет қызметкерлерінің кәсіби қызметтері саласындағы теориялық және тәжірибелік білімін, шеберлігі мен дағдысын жаңарту. Мәдениет мамандарының кәсіби

білімі мен дағдыларын тереңдету, кеңестік-әдістемелік көмек көрсету. Нарық экономикасы талаптарының өсуіне, өндіріс пен әлеуметтік саладағы құрылымдық өзгерістерге сәйкес қызметкерлердің теориялық білімін, кәсіби қызметтің жаңа түрін атқаруға қажетті жеке тәртіптерді үйретуді көздейтін білім бағдарламалары бойынша қосымша білім, дағдылар алуды жетілдіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Мемлекеттік мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | Мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша қызметтер сатып алу. Тыңдаушылардың орташа жылдық саны - 690 адам. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: теориялық және тәжірибелік білімді жаңарту, кәсіби дағдыларды қалыптастыру және бекіту. Мәдениеттің саласындағы қазіргі заманғы талаптарға сәйкес мемлекеттік мәдени ұйымдар кадрларының кәсіби деңгейін арттыру, олардың кәсіби білімі мен дағдысын тереңдету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
16-қосымша

*Ескерту. 16-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

200 - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мәдениет, ақпарат және спорт саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 136035 мың теңге (бір жүз отыз алты миллион отыз бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 33-бабы , Қазақстан Республикасының "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасын саяси-экономикалық дамытудың жалпы мемлекеттік басымдықтары мен ұлттық сананы сәйкестендіретін мәдени басымдықтар, құндылықтардың жүйесін құруға қатысу және жұмыстарын үйлестіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мәдениет пен өнердің қазіргі заманғы үрдістеріне ғылыми-практикалық талдау жасау, әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымының жұмыс істеуінің тиімді және перспективалық үлгілерін әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Мәдениет, ақпарат және спорт сала- сындағы қолданбалы | Мәдениет саласын- дағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді өткізу. Жобалар саны - 16. | Жыл бойы | Қазақстан Республи- касының Мәдениет, ақпарат |

ғылыми зерттеулер | 2004-2006 жылдарға арналған Мемлекеттік "Мәдени мұра" бағдарламасы шеңберінде тарихи-мәдени мұралардың объектілеріне археологиялық зерттеулер жүргізу. "Ежелгі Отырарды жаңғырту" бағдарламасы шеңберінде Ежелгі Отырар қалашығы мен Отырар аймағының объектілеріне археологиялық зерттеулер жүргізу. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу үшін қызмет ету төлемі. | және спорт министрлігі

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мәдениет саласындағы көрсетілген ғылыми зерттеулерді әзірлеудің нәтижесінде саланы дамытуға арналған мәдениеттің ғылыми-әдістемелік базасы нығаятын және тәжірибелік ұсыныстар дайындалатын болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
17-қосымша

*Ескерту. 17-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

200 - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 533477 мың теңге (бес жүз отыз үш миллион төрт жүз жетпіс жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 33-бабы , Қазақстан Республикасының "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 21-бабы ; Қазақстан Республикасының " 2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Кейбір мемлекеттік мекемелерді қайта құру туралы" Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі туралы" 2000 жылғы 27 қазандағы N 1620 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік мекемелер, ведомствоға бағынысты орталық атқарушы органдардың штаттық санының лимитін бекіту туралы" 2004 жылғы 1 маусымдағы N 604 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстанның өңірінде тұратын этностардың материалдық және рухани мәдениетінің ескерткіштерін сақтау және жинақтау; осы бағыттағы білімді халық арасында тарату; қоғамның рухани және моральдық жаңғыруына ықпал ету; өскелең ұрпақты халықтың бай мәдени мұрасын зерделеу арқылы жаңа құнды бағдарда тәрбиелеу, тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау ұйымдарын негізгі құралдарымен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: тарихи-мәдени мұраны сақтау, тіркеу, жинақтау, зерделеу мен пайдалануды қамтамасыз ету; кәсіптік мұражайларға әдістемелік көмек көрсету, әдістемелік әдебиеттерді тарату жолымен олардың қызметтерін үйлестіру; тақырыптық семинарлар өткізу; тарихи-мәдени құндылықтарды сақтауды ұйымдастыру үшін негізгі күштерді сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Тарихи-мәдени | Мұражай заттарын | Жыл | Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| құндылықтарды сақтау | бұзылудан, жоғалудан бойы толық сақтауды қамтамасыз ететін жағдай жасау; сақтаудың оңтайлы жүйесін құру. | | Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі |
| | | | Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау, тіркеу, жинақтау және қайта жөндеуді қамтамасыз етуге байланысты республикалық 8 ұйымның шығынын жабу. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес негізгі құралдарды сатып алу үшін Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайына, Қазақстан Республикасының Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайына, Көркем көрмелер дирекциясына, Музыкалық үрмелі аспаптардың мемлекеттік коллекциясына, С.Мұқановтың және Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалды мұражайының кешеніне, Республикалық кітап мұража- |

| | | |
|---|---|---|
| | | йына күрделі трансферттер. Алтын және бағалы металдар мұражайын штат санының 25 бірліктегі лимиті шегінде ұстау. |
| Сатып алынатындар: компьютерлер - 2 жиынтық; экспонаттар - 26 бірлік; | Алтын және бағалы металдар мұражайы | "Газель" автомашинасы - 1 бірлік; арнайы витриналар - 5 бірлік; диорамалардың манекені мен қайта жөндеу үшін - 1 бірлік. |
| Қазақстан Республикасының Президенттік Мәдениет орталығын 354 бірліктегі штат санының лимиті шегінде ұстау. Сатып алынатындар: | Қазақстан Республикасының Президенттік Мәдениет орталығы | Экспонаттар - 100 бірлік; "Stenvei" роялі - 1 бірлік; "VIP" зал үшін жиһаздар - 1 жинақталым; шеберханалар үшін құрал-жабдықтар; үлкен экранды мөлтекмедиажарықтүсіргіш - 1 жинақталым; орхон жазба тас ескерткішінің көшірмесі (Күлтегін) - 1 бірлік. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жалпы қауымды Қазақстанның тарихи құндылықтарымен, отандық және әлемдік, мәдениетпен, әдебиетпен және өнер жетістіктерімен таныстыру, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің тарихи-мәдени құндылықтарын сақтау жөніндегі ұйымдарын негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
18-қосымша

*Ескерту. 18-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

200 - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз ету" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 382743 мың теңге (үш жүз сексен екі миллион жеті жүз қырық үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 33-бабы , "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 21-бабы , Қазақстан Республикасының "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Алматы облысында "Тамғалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи мұражай-қорығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 1052 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мұражай-қорықтардың құрамына кіретін мәдениет тарихы ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету, тарихи-мәдени қорықтар мен мұражайларды сақтау жөніндегі ұйымдарды негізгі құралдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ескерткіштер мен зерде орындарын мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету, оларды паспорттау, жаңа ескерткіштерді

анықтау, әрбір ескерткіштің заңдық қорғалуын қамтамасыз ету, археологиялық барлауды, экспедициялар мен экскурсияларды жүргізу, тарихи-мәдени қорықтар мен мұражайларды сақтау жөніндегі ұйымдарды негізгі активтерді сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | | Тарихи-мәдени мұра ескерт- кіштерін сақтауды қам- тамасыз ету | | |
| 2 | | 100 | Тарихи-мәдени мұра ескерт- кіштерін сақ- тауды қамта- масыз ету | Отырар мемлекеттік археологиялық мұра- жай-қорығының штат саны лимитін 56 бірлік шегінде ұстау. Мыналарды сатып алу: көшіру аппараты - 1 бірлік; цифрлік фотоаппараты - 1 бірлік; компьютер - 1 жинақтама; экспонаттар - 100 бірлік. | Жыл бойы | Отырар мемлекет- тік архео- логиялық мұражай- қорығы |
| | | | | "Ұлытау" Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығының штат саны лимитін 22 бірлік шегінде ұстау; Мыналарды сатып алу: көшіру аппараты - | | "Ұлытау" Ұлттық тарихи- мәдени жә- не табиғи қорығы |

| | |
|---|---|
| 1 бірлік; сейфтер - 3 дана; компьютер - 1 жинақтама; жеңіл автомашина - 1 бірлік. | |
| "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығының штат саны лимитін 19 бірлік шегінде ұстау. Мыналарды сатып алу: экспонаттар - 300 бірлік. | "Әзірет Сұлтан" мемлекет-тік тарихи-мәдени мұражай-қорығы |
| "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық мұражай-қорығының штат саны лимитін 74 бірлік шегінде ұстау. Мыналарды сатып алу: жеңіл автомобиль - 1 бірлік. | "Жидебай-Бөрілі" мемлекет-тік тарихи-мәдени және әдеби-мемориал-дық мұражай-қорығы |
| "Көне Тараз ескерт-кіштері" мемлекеттік тарихи-мәдени мұра-жай-қорығының штат саны лимитін 15 бірлік шегінде ұстау. Мыналарды сатып алу: Компьютер - 1 жинақтама. | "Көне Тараз ескерт-кіштері" мемлекет-тік тарихи-мәдени мұражай-қорығы |
| "Тамғалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи мұражай-қорығының штат саны | "Тамғалы" мемлекет-тік тарихи-мәдени |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | лимитін 29 бірлік шегінде ұстау. Мыналарды сатып алу: Газель микроавтобусы - 1 бірлік. | | және табиғи мұражай-қорығы |
| 3 | 101 | Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қалпына келтіру | Жөндеу және қалпына келтіру бойынша жұмыстарды орындау: Алматы облысындағы "Жаркент мешін" архитектуралық-көркемдік мұражайы (XIX ғ.); Алматы қаласындағы бұрынғы офицерлік жиналыс ғимараты (XIX ғ.); Ақтөбе облысындағы Абат Байтақ кесенесі (XIV ғ.); Атырау облысының Ембі ауданындағы Жұбан кесенесі (XIX ғ.); Жамбыл облысындағы Ақыртас сарай кешені (VI-VIII ғғ.); Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы, Шоқай Датқа кесенесі (XIX ғ.); Батыс Қазақстан облысындағы Бөкей Ордасының Хан ставкасы кешені (қазынашылық, қыздар гимназиясы, қару палатасы мен басқаларының ғимараты); Қызылорда облысындағы | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі |

Айқожа, Ақтас, Сырлы-Там кесенелері; Қызылорда облысындағы Сарман Қожа мұнарасы; Маңғыстау облысындағы Қараман Ата некрополі объектілері; Түркістан қаласындағы "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығының шығыс моншасы; Оңтүстік Қазақстан облысының Тұрбат ауылындағы архитектуралық-мәдени кешені; Қызылорда облысындағы Оқшы Ата кесенесі; Солтүстік Қазақстан облысының тарихи-өлкелік мұражайы. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қайта жаңартуға, жаңғыртуға, консервациялау мен қалпына келтіруге жататын объектілердің жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеу. "Ежелгі Отырарды қайта өркендетудің" салалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде Отырар мемлекеттік археологиялық мұражай-қорығы ескерткіштерін басқару және сақтау

жөніндегі менеджмент-жоспарды әзірлеу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 102 | Қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеу жүйесін құру | 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеу жүйесін құру жөніндегі іс-шаралар: Алматы, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша Тарих және мәдениет ескерткіштері жиынын шығаруға дайындау; ЮНЕСКО-ның алдын-ала тізіміне кірген мәдени және аралас мұра объектілерін қорғау аумағы мен зоналарының шекарасын айқындау; ЮНЕСКО-ның алдын-ала тізіміндегі Дүниежүзілік мұраның ықтимал объектілерінің деректер базасын жасау; Қазақстанның тарихы мен мәдениеті ескерткіштерінің қолда бар тізімдерін, Дүниежүзілік, республикалық және жергілікті мәні бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін нақтылау және қайта қарау; "Ежелгі Отырарды қайта өркендетудің" салалық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі |

бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде ғылыми әдебиет шығару

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мұражай-қорықтар құрамына халық игілігі ретінде кіретін мәдениет тарихы ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету. Тұрғындар мен туристердің кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз ету, мұражай-қорықтардың қызметін жақсарту және жетілдіру мақсатында негізгі активтерді пайдалану; оқырмандардың қажеттерін анағұрлым толық, өзекті уақытылы, дұрыс қанағаттандыру. Отандық мамандардың қатысуымен жөндеу, қайта құру жұмыстары арқылы ұлттық мәдениетті сақтап қалу және қайта жаңғырту. Қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 19-қосымша

200 - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Ұлттық фильмдер шығару" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 911253 мың теңге (тоғыз жүз он бір миллион екі жүз елу үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 33-бабы , Қазақстан Республикасының "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: республика халқының рухани сұраныстарын қанағаттандыру, адамгершілік-эстетикалық және мәдени тәрбие, ұлтаралық келісім мен ішкі саяси тұрақтылықты нығайту, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: қазақ халқының сан ғасырлық тарихын көрсететін ұлттық фильмдер өндірісі. Ұлттық кинематографияны дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Ұлттық фильмдер шығару | Фильмдер өндірісі: Ауыспалы көркем фильмдер: "Мұстафа Шоқай", "Күнә", "Ұмыт жылдар баллады-дасы" ("Кек"), "Періште", "Қасқыр сағаты", "Ағайынды Жұмановтар" ("Зеро"), "Махамбет қанжары". Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бұйрығымен бекітілген Тақырыптық жоспарға сәйкес "Ең жақсы", "Жоғалған жұмақ" тағы да басқа көркем фильмдерді шығару. Ауыспалы анимациялық фильмдер: "Құйыршық" - 4, 5-серия. Анимациялық фильмдер шығару: "Ұры мен қасқыр", "Тақырып". Ғылыми-танымал фильм өндірісі "Еуразия | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі |

континенті".
Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бұйрығымен бекітілген Тақырыптық жоспарға сәйкес деректі фильмдер шығару.
Ұлттық фильмдерді дубляж жасау.
Сценарийлік резервті қалыптастыру.
Үздіксіз кинотехнологиялық процесті қамтамасыз ету.
Ұлттық фильмдерді сақтау.
Ұлттық фильмдерді тарату және олардың дистрибьюциясы.
Ш.Айманов атындағы "Қазақфильм" ҰК ғимараттарының күрделі жөндеуін аяқтауға және бейнематериалдарды кинонегативке түсіріп алуға арналған жабдықтар кешенін сатып алуға күрделі трансферттер.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республика халқын идеологиялық тәрбиелеуде және Қазақстан Республикасының беделін қалыптастыруда ұлттық фильмдердің рөлін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
20-қосымша

*Ескерту. 20-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

200 - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мұрағат қорын сақтауды қамтамасыз ету" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 130502 мың теңге (бір жүз отыз миллион бес жүз екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Заңы , "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы , Қазақстан Республикасының "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 қазандағы N 1538 қаулысы , "Қазақстан Республикасындағы 2001-2005 жылдарға арналған мұрағат ісін дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 797 қаулысы , "Қазақстан Республикасындағы 2001-2005 жылдарға арналған мұрағат ісін дамыту тұжырымдамасы туралы" 2001 жылғы 26 қаңтардағы N 146 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 мамырдағы "Құжат көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қоры туралы ережені бекіту туралы" N 587 қаулысы; " Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мұрағаттық құжаттарды, Қазақстан Республикасының аумағында шығатын құпия емес басылымдардың бақылау даналарының негізінде, сондай-ақ тапсырыстар бойынша шетелде басылған баспасөз басылымдары қорының мұрағатын сақтауды қамтамасыз ету, оны жетіспейтін басылымдармен толықтыру, Мемлекеттік библиографияның республикалық ғылыми орталығын, баспасөз статистикасын, орталықтандырылған каталогын жасауда, барлық баспасөз шығармаларын есепке қою мен ғылыми өңдеуді, кітаптарды (ISBN) және сериялық басылымдарды (ISSN) халықаралық стандартты нөмірлеу бойынша жұмыс істеуді қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасындағы мұрағаттық істі дамыту мен

жетілдіруді қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ғылыми-библиографиялық орталықты қамтамасыз ету; республикада барлық тілде шыққан жарияланымдардың негізгі түрлерін библиографиялық өңдеуді жүзеге асыру; республика аумағында шығатын барлық баспасөз шығармаларын есепке алу, бақылау және ғылыми өңдеу, Қазақстан Республикасында баспасөздің дамуы туралы статистикалық жинақтарды дайындау; жоғары тұрған инстанцияларды, республикалық ұйымдарды, кітапханаларды, сондай-ақ жеке тұлғаларды елдің баспасөз өнімдері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету; республикада 1917 жылдан бастап барлық тілде шыққан жарияланымдардың барлық түрлері көрсетілген каталогтар мен түбіртектер жүйесін енгізу; Қазақстан Республикасынан тыс жерде ол туралы шыққан материалдарды жинауға арналған айырбастау қорын құру; Қазақстанда шыққан ТМД республикалары туралы шығармаларды анықтау мен есепке алу, библиографиялық сипаттамасы және жүйелендіру және библиографиялық суреттемесі бар түбіртектерді басқа кітап палаталарына беру; баспалар мен басып шығарушы ұйымдардың МЕМСТ және басқа да нормативтік-реттеуші құжаттаманың талаптарын сақтауды бақылау, басылымдарды ресімдеуде медициналық-консультативтік көмек көрсету; ISBN кітаптары мен ISSN сериялық басылымдарын халықаралық стандартты нөмірлеу бойынша функцияларды орындау; мұрағаттық қорды баспасөз басылымдарының жыл сайынғы түсілімдерімен уақытылы толықтыруды және оларды өңдеу мен дезинфекциялауды қамтамасыз ету; республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметінде қалдырылған Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын жинақтау, сақтау және пайдалану, Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын, оның ішінде 1917 жылға дейінгілерін мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру, мұрағаттық іс, құжаттану саласындағы ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмысты басқарушылық, аудиовизуалдық және ғылыми-техникалық құжаттамамен жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | 010 | | Мұрағат қорын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сақтауды қамтамасыз ету | | |
| 2 | 100 | Мұрағат құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының штат саны лимитін 63 бірлік шегінде ұстау. Сатып алынатындар: компьютерлер - 12 жиынтық; микротаспаны оқитын сканер - 1 бірлік; көшірме аппарат - 2 бірлік; сканер - 3 бірлік. Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалары мұрағатын штат санының лимиті 16 бірлік шегінде ұстау. Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттамалар мұрағатын штат санының лимиті 16 бірлік шегінде ұстау. Сатып алынатындар: компьютерлер - 6 жиынтық; сканер - 1 бірлік. Мемлекеттік мұрағаттардағы құжаттық материалдарын шағын фотокөшірмелерін жасау және қалпына келтіру орталық лабораториясын штат | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттамалар мұрағаты |

саны лимитін 16 бірлік шегінде ұстау.
Сатып алынатындар:
компьютерлер - 1 жиынтық;
көшірме аппараты - 1 бірлік.

| | |
|---|---|
| Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы штат саны лимиті 9 бірлік шегінде ұстау.<br>Сатып алынатындар:<br>компьютер - 3 жиынтық;<br>сканер - 2 бірлік.<br>Археография және деректану Ұлттық орталығының штат санының лимиті 22 бірлік шегінде ұстау.<br>Сатып алынатындар:<br>компьютер - 22 жиынтық;<br>принтер - 25 бірлік;<br>сервер - 1 бірлік;<br>көшірме аппарат - 1 бірлік;<br>сканер - 6 бірлік;<br>микроқалыптарды оқитын құрал - 1 бірлік;<br>оқу аппараты - 1 бірлік;<br>оқу-көшірме аппараты - 1 бірлік;<br>минитипография - 1 бірлік;<br>проектор - 1 бірлік;<br>экран - 1 бірлік. | Мемлекеттік мұрағаттардағы құжаттық материалдарын шағын фотокөшірмелерін жасау және қалпына келтіру орталық лабораториясы<br>Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы<br>Археография және деректану Ұлттық орталығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 101 | Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамыту | "Қазақстан Республикасындағы 2001-2005 жылдарға арналған мұрағаттық істі дамыту бағдарламасын" іске асыру бойынша іс-шараларды жүргізу. "Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кинофотоқұжаттар мен дыбыс | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және спорт комитеті |

жазбаларын қайта мұрағаттау "Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясының қорларындағы, еліміздің мұрағаттары мен қоймаларындағы аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орындаушы музыканттардың фоножазбаларын жеке коллекциялардағы бірегей жазбаларды іздестіру жұмыстарын одан әрі жүйелей және жүргізе отырып, қазіргі заманғы аудиотасымалдаушыларды қалпына келтіру және көшіру. Аса көрнекті көне ғалым-ойшылардың мұрасын, сондай-ақ "Мәдени мұра" Мемле-

кеттік бағдарламасы шеңберінде қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи мәні бар қолжазбаларды, раритетті басылымдарды, кітаптар мен мұрағаттық құжаттарды анықтау және сатып алу үшін таяу және алыс шетел қалаларының мұрағаттарына ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мұрағаттық қор мен баспасөз басылымдары қорының құжаттарын сақтауды қамтамасыз ету, жинақтау, сақтау мен пайдалану бойынша қажетті жағдай жасауға қол жеткізу, мұрағат аясының қызметін жетілдіру, мемлекеттік мұрағаттық мекемелерді нарықтық экономика шарттарына бейімдеуді аяқтау, мемлекеттік мұрағаттардың материалдық-техникалық базасын жаңарту және оны қазіргі заманғы стандарттарға жақындату. Ұлттық мұрағат қорын Қазақстан тарихы бойынша елдің мемлекеттік мұрағаттарында жоқ бірегей және аса құнды құжаттармен (көшірмелермен) толықтыру. Негізгі базаны, XVI-XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша ғылыми зерттеулерді кеңейту.

